

Келісілді
Бурабай ауданы бойынша
білім бөлімінің басшысы
міндетін атқарушысы
Р.Құтұған



Бекітемін
«Бурабай ауданының білім
бөлімінің Кіндікқарағай ауылының
негізгі орта мектебі» КММ
директор К.С.Бекебаева



ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
« Акмола облысы білім басқармасының
Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі
Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылы

Шағын орталық

2023-2024 оқу жылына арналған Ақмола облысы білім басқармасының

Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебінің шағын орталығы

Түсіндірме хат

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта білім беру процесі: Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген; Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының; Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде жүзеге асырылатан болады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Стандарттың талаптарына сәйкес әзірленді, балалардың жас ерекшеліктеріне сай кіріктірілген ұйымдастыру қызметінің тізімі ұсынылды. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасы жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

- Дене дамуы;
- Қарым қатынастық дағдылар;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- Әлеуметтік- көңіл- күй дағдыларын қалыптастыру.

Ұйымдастырылған «Дене шынықтыру» қызметі аптасына 3 сағат өтеді. Сондай- ақ, күн сайын балалардың дене белсенділігіне уақыт бөлінеді, оны қозғалыс белсенділігі , дене шынықтыру- сауықтыру іс-шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын қызметі арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыруға болады.

Ұйымдастырылған «Қазақ тілі» қызметі аптасына 1 сағат өтеді.

Сондай-ақ мемлекеттік тілді үйрету мақсатында күнделікті балаларға Типтік оқу бағдарламасында анықталған сөздік минимумды үйретеді, тәрбиеленушілердің сөздік қорларын дамытады, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстырады, белсенді сөздікті байытады, сөздік нормаларын, қарым қатынас мәдениетін игереді.

Күнделікті «(Тіл ұстарту) Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиетке», «Қоршаған ортамен таныстыруға», «Математика негіздеріне» уақыт бөлінеді. Балалардың мүдделерін ескере отырып, күн сайын шығармашылық, бейнелеу іс-шараларына, ұйымдастырылған іс-шараларға уақыт бөлінеді: «Ермексазбен», «Аппликация», «сурет салу» «құрастыру».

Ұйымдастырылған «Музыка» сабағы ересек топтағы 4-жастан бастап балалар үшін аптасына 2-рет, орта жастағы 3- жастан бастап балаларға 1 рет өтіледі. Күні бойы ән айтуға,

музыка тыңдауға, импровизацияға, музыкалық- ырғақты қимылдарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауға және басқа да музыкалық іс-шараларға уақыт бөлінеді.

Шағын орталық 5 күндік апталық жүктемемен жұмыс жасайды. Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде басталады және келесі жылдың 25 мамырда аяқталады. Маусым жіне шілде айларында сауықтыру шаралар өткізіледі. Сондай-ақ келесі негізгі міндеттер орындалады:

- 1) Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) Тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін ұтымды жағдай жасау;
- 3) Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) Азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адамның еркіндігі мен құқығын құрметтеуге, қоршаған ортаны, Отанды, отбасын сүйуге тәрбиелеу;
- 5) Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз қарым-қатынас орнату;
- 6) Тәрбиеленушілердің тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

**Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебінің
шағын орталығының
2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары
Аралас топ**

№	Ұйымдастырылған іс әрекет /балалар әрекеті	Аралас топ		
		2 жастан бастап	3 жастан бастап	4 жастан бастап
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Қазақ тілі		Аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі		Күн сайын	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын		
4	Сауат ашу негіздері		-	-
5	Математика негіздері		Күн сайын	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын		
7	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
	Музыка	Аптасына 1 рет	Аптасына бір рет	Аптасына екі рет
	Музыка	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын

Ескерту:

- Ұйымдастырылған іс-әрекет –Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ,соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын,қимыл,танымдық,шығармашылық,зерттеу,еңбек,дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

***Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты –музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.